

"ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

Б А С П А С Ө З М Ә Л І М Д Е М Е С І

Алматы қ.

21 қаңтар 2019 жыл

KASE 2018 жылдағы биржалық нарықтың жұмыс қорытындыларын жариялайды

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE, Биржа) 2018 жылдағы биржалық нарықтың жұмыс нәтижелерін хабарлайды.

- KASE сауда-саттықтарының жиынтық көлемі 127,8 трлн теңгені құрап, 2017 жылмен салыстырғанда 15,6 % немесе 23,7 трлн теңгеге азайды.
- Бағалы қағаздар нарығы оң динамиканы көрсетті – 41,2 % өсім, шетел валюталарының нарығы 9,1 %-ға артты.
- 2018 жылы 20 жаңа эмитент листинг процедурасынан өтті: акциялар секторында 13, алтауы корпоративтік облигациялар нарығында, біреуі инвестициялық қорлардың БҚ секторында (ETF).
- Число наименований акций в списках KASE тізімдеріндегі акциялар атауының саны 2018 жылы тарихи максимумға жетті – тиісінше 130 және 113.
- 2018 жылдың қорытындысы бойынша KASE Индексінің мәні 7 % өсіп, 2 304,94 нүктеге жетті.
- Биржада айналыстағы корпоративтік борыштың көлемі 21 % өсіп, 10,8 трлн теңгені құрады.
- 2019 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийде жеке тұлғалардың атына ашылған 116 824 жеке шот болды, яғни 2018 жылдың басындағы санынан 7 579 шотқа артық.

ӨЗЕКТІ ЖОБАЛАР МЕН ІС-ШАРАЛАР

2016-2018 жылдарға арналған KASE дамуының стратегиясын іске асыру аясында 2018 жылы Биржа келесі жобаларды іске асырып, келесідей іс-шараларды өткізді:

- 2018 жылдың 14 желтоқсанында KASE қайталама нарығында FinEx FFIN Kazakhstan Equity ETF сегрегацияланған қосалқы қордың акцияларының сауда-саттықтары ашылды. Аталмыш қаржы құралы, тиісті еуропалық заңнамаға сәйкес тіркелген, KASE Индексіне саудаланатын биржалық қор болып табылады.
- 14 желтоқсанда KASE Қазақстан Республикасында биржалық сауда-саттықты танымал етуға бағытталған, акциялар нарығындағы бөлшек инвесторлар арасында байқауды аяқтады. Барлығы байқауға 200 астам бөлшек инвестор қатысты. Байқау барысында қатысушылар 2 588 мәміле жасасып, олардың жалпы сомасы 256 млн. теңгеден асты, ең үздік кірістілік 13,7 % құрады.
- 2018 жылдың 16 қарашасында KASE, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі "Қазақстан қаржыгерлерінің ассоциациясы" АҚ және Биржамен бірлесіп ұйымдастырған VIII Қаржыгерлер конгресі шегінде, "Экономиканың тұрақты дамуында қор биржасының атқаратын рөлі" тақырыбына Қазақстандық биржалық форумды өткізді. Осы іс-шараға қазақстандық қаржы ұйымдарының, шетелдік биржалардың, инвестициялық банктердің, мемлекеттік органдардың, ұлттық және жеке қазақстандық компаниялардың, кәсіпқой

қаржылық ассоциациялардың, басшылары мен өкілдері, сондай-ақ халықаралық сарапшылар қатысты.

- 2018 жылдың 10 қазанында KASE мен Мәскеу биржасы (MOEX) Стратегиялық ынтымақтастық туралы келісімге қол қойды. Биржалардың өзара ынтымақтастығының негізгі мақсаттары қазақстандық және ресейлік сауда-саттыққа қатысушылар мен инвесторларға екі елдің биржаларының сауда-саттықтарына өзара рұқсаттама беру; орталық контрагент институтын дамыту арқылы инфрақұрылымның сенімділігін арттыру және нарықтық тәуекелдерді азайту; KASE нарықтарының , клирингінің, тәуекелдерді басқаруының және жаңа биржалық құралдарды құруда тиімділікті арттыру мақсатында MOEX сараптауы мен сауда-клирингілік технологияларын пайдалану; KASE көпшілік нарыққа нарығына шығуына себептесу және Мәскеу биржасының тәжірибесін пайдалана отырып KASE акцияларының бастапқы орналастыруын өткізу болып табылады.
- 2018 жылдың 01 қазанынан бастап KASE шетелдік валюталардың биржалық нарығында орталық контрагент функциясын атқаруға кірісті. Жобаның мақсаты Биржаның валюталық нарығының сенімділігін және өтімділігін осы нарықтағы контрагенттің дефолты тәуекелін азайту арқылы арттыру болып табылады..
- 2018 жылдың 17 қыркүйегінде Биржада есептесуі АҚШ долларымен листингілік еуроблигациялардың сауда-саттықтары іске қосылды. Осы сауда-саттықтардың Биржада ашылу мақсаты валюталарды айырбастаудың қосымша процедураларын өткізусіз, шетел валютасында номинацияланған борыштық бағалы қағаздардың сауда-саттығы мен есеп айырысуына жеке және заңды тұлғаларға рұқсаттама беру болып табылады.
- 2018 жылдың 17 қыркүйегінде "Биржалық симулятор" білім беру жобасы аясында кезекті оқу сауда-аттықтары іске қосылды. Жобаның мақсаты – осы оқу бағдарламасы шегінде өзінің кәсіби білімдерін кеңейтуге ниеттенген, қаржы-экономикалық және басқа да мамандық студенттердің қаржылық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ олардың қор нарығында практикалық машықтануы болып табылады.. 10 жылда оқу сауда-саттықтары жобасында Қазақстанның, таяудағы және қиырдағы шет мемлекеттердің 80 жоғарғы оқу орындарының 4 500-ден астам студенті қатысты.
- 2018 жылдың 10 қыркүйегінен бастап KASE шетел валюталарының нарығында бағам белгілеу үшін теңгемен келесі жұмыс күнде есептесумен (T+1) – USDKZT_TOM АҚШ доллары бойынша сауда-саттықтарының нәтижелері қолданылады. Жаңалықтың мақсаты – теңгенің еркін құбылмалы айырбастау бағамы тәртіптемесі жағдайында шетел валюталары нарығында репрезентативті индикаторды қалыпатсыру.
- 2018 жылдың 15 маусымынан бастап, ұйымдастырушылық-құқықтық нысаны ЖШС болып табылатын КОБ субъектілеріне көпшілік компаниясы мәртебесін алу қажеттілігісіз альтернативті қаржыландыру ұсыну үшін, KASE Private Market сауда-саттық алаңы іске қосылды.
- 2018 жылдың 09 сәуірінде KASE стартап-компаниясы мен инвесторлар арасында коммуникацияларды қалыптастыру мақсатында "KASE Startup" сауда-саттық алаңын ашты. 2018 жылдың маусымында Алматы қаласында және Астана қаласының IT-стартаптардың Astana Hub халықаралық технопаркінде презентацияларын өткізді.
- 29 наурызда өзінің 25-жылдық мерейтойына орай Биржа "KASE Talks" лекциялар циклын іске қосты. Биржа Қазақстан Республикасының қаржы жүйесі мен нарығын құруға елеулі үлесін қосқан, танымал қазақстандық қаржыгерлерінің алты лекциясын өткізді. Лекциялар 2019 жылы да жалғастырылады.
- 07 наурызда БҰҰ "Тұрақты қор биржалары" бастамасы және "БҰҰ әйелдер" құрылымы шегінде "Ring the Bell for Gender Equality" сауда-саттықтың салтанатты ашылуы өткізілді.
- 2018 жылдың 03 қаңтарында Биржаның интернет-сайтының жаңа нұсқасы іске қосылды.
- KASE 25-жылдық мерейтойына орай "KASE: Тұлғалы тарих" кітабы – онлайн жобасы іске қосылды, осы іс-шараның аясында KASE сайтында қазақстандық қаржы жүйесі мен нарығын құруға елеулі үлесін қосқан, танымал қазақстандық қаржыгерлерінің естеліктері жарық көрді. Бұл Қазақстанның қаржылық секторы мен қор нарығының дамуы туралы бейресми тарихы.
- Биржа брокерлік ұйымдарға KASE валюталық нарығында сауда-саттыққа рұқсатта ұсынды.

- Биржада жаңа қаржы құралдарының сауда-саттықтары ашылды:
CNYKZT_0_001 және CNYKZT_0_002 – Қытай Халық Республикасы юані / қазақстандық теңге валюталық жұбына қатысты валюталық своп операциялары, олардың саудасаттықтар таңертеңгі сауда-саттық сессиясы барысында алматылық уақытпен 10:15-ден 11:00-ге дейін өткізіледі;
RUBKZT_0_001 және RUBKZT_0_002 – ресейлік рубль / қазақстандық теңге валюталық жұбына қатысты валюталық своп операциялары;
RUBKZT_SPT – есептесуі T+2 теңгемен ресейлік рубльдің сауда-саттықтары.
- 2018 жылы "Фондовый рынок: статус PRO" бағдарламасының 25 шығарылымы жарық көрді.
- KASE листингілік компанияларға арналған төрт эмитент күнін өткізді. Іс-шараның мақсаты инвесторлармен және өзге де мүдделі тұлғалармен өзара әрекеттесу аясында замани тенденциялармен аудиторияны, сондай-ақ компанияның инвестициялық тартымдылығын арттыруға арналған құралдармен таныстыру болып табылды.
- Жыл барысында Биржа тұрғындардың қаржылық сауаттылығын арттыру мақсатында, "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасымен, "Даму" Кәсіпкерлікті дамыту қорымен, Халықаралық қаржы корпорациясымен (IFC) және басқа да ұйымдармен бірлесе отырып, өз мүшелері мен эмитенттері үшін арналған оқыту іс-шараларын өткізді.

АКЦИЛАР НАРЫҒЫ

Акциялар нарығының капитализациясы 10 % төмендеп, 15,5 трлн теңгені құрады, біл 2017 жылдың шілде айынан бері минималды мән болып табылады. Капиталға айнарудың төмендеуі "Какоммерцбанк" АҚ және "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ жай акцияларының делистингімен, сондай-ақ, осы көрсеткішті есептеу әдістемесіне өзгертулер енгізіліп, олардың 2018 жылдың 15 қыркүйегінен бастап қолданысқа енгізілуімен байланысты.

2018 жылдың соңына қарай Биржаның сауда-саттық тізімдерінде 113 эмитенттің 130 атаудағы акциялары болды, соның ішінде үш атаудағы листингілік емес бағалы қағаздар. Бұл көрсеткіштер KASE үшін тарихи максималды болып табылады.

2018 жылы KASE ресми тізіміне 18 компанияның 21 атаудағы акциялары енгізілді (+7), соның ішінде 13 жаңа эмитенттің 14 шығарылымы (кестеден қара) табице). Өткен жылмен салыстырғанда акциялардың саны 10 атауға ұлғайып эмитенттердің саны 7 артты.

"Листингіленбеген бағалы қағаздар" секторында жай акциялардың екі шығарылымы айналысқа жіберілді – "Раннила Қазақстан" АҚ және "GLOTUR DS MULTIMEDIA" АҚ.

Тоқ.	Эмитенттің атауы	Сауда-саттық алаңы	Сауда-саттық тізіміне енгізілген күні	Сауда-саттық ашылған күні
I	"ҚАЗАҚАЛТЫН" Тау-кен металлургиялық концерні" АҚ	негізгі	03.01.18	29.01.18
	"Kazakhmys Copper" АҚ (Қазақмыс Коппер)	альтернативті	16.01.18	31.01.18
	"Кристалл Менеджмент" АҚ	альтернативті	19.01.18	05.04.18
	"Fincraft" Инвестициялық үйі" АҚ	альтернативті	29.01.18	05.02.18
	"Joint Resources" АҚ	альтернативті	30.01.18	23.04.18
II	"Жетісу" Зейнетақылық активтердің инвестициялық басқаруын жүзеге асыратын, ұйымы" АҚ	альтернативті	02.05.18	16.07.18
	"Раннила Қазақстан" АҚ	листинг емес	05.05.18 исключены с 13.12.18	05.05.18
	Kaspi.kz АҚ (жай және артықшылықты акциялары)	негізгі	28.05.18	12.07.18

Тоқ.	Эмитенттің атауы	Сауда-саттық алаңы	Сауда-саттық тізіміне енгізілген күні	Сауда-саттық ашылған күні
III	"Лизинг Групп" АҚ	альтернативті	27.08.18	17.10.18
	"Freedom Finance Life" Өмір сақтандыру компаниясы" АҚ (бұрынғы атауы "Азия Life" Өмір сақтандыру компаниясы" АҚ)	альтернативті	27.08.18	–
	"GLOTUR DS MULTIMEDIA" АҚ	листинг емес	15.08.18	15.08.18
	"Қазхром" Ұлтаралық компаниясы" АҚ (жай және артықшылықты акциялары)	негізгі	25.08.18	–
IV	"ПОЗИТИВ-А" АҚ	альтернативті	26.10.18	19.12.18
	"Әскер Мұнай Эксплорэйшн" АҚ	альтернативті	12.11.18	–
	"Банк ЦентрКредит" АҚ	негізгі	14.11.18	20.11.18
	"Шубаркөл көмір" АҚ	негізгі	20.11.18	–
	"Казатомпром" ҰАК" АҚ	негізгі	26.11.18	11.12.18
	"ULMUS BESSHOKY (ҰЛМЫС БЕСШОҚЫ)"	альтернативті	25.12.18	–
	Freedom Holding Corp.	альтернативті	25.12.18	–
	АО "Марганец Жайрема"	альтернативті	27.12.18	–

2018 жылы сауда-саттық көлемі 539,8 млрд теңге жетіп, 2017 жылмен салыстырғанда екі есеге немесе 270,4 млрд теңгеге артты. Сауда-саттықтың орташа күндік көлемі 2 194,5 млн теңгені құрады, мәмілелердің орташа күндік саны – 573, бір мәміленің орташа көлемі – 3,8 млн теңге.

Бастапқы нарықта акциялар секторында жалғыз оранластыру жүзеге асырылды – "БАСТ" АҚ жай акциялары. Компания 05 маусымда өзінің 10 527 жай акциясын 526,4 млн теңге сомасына бір акцияға 50 000 теңгеден орналастырды. 2017 жылы бастапқы нарықта екі орналастыру жүзеге асырылып, олардың жалпы сомасы 7,6 млрд теңгені құрады.

Қайталама нарықта сауда-саттық көлемі 2017 жылмен салыстырғанда екі есеге өсіп, 539,3 млрд теңгені құрады. Мұндай өсім негізінен, бірнеше компаниялардың акционерлері ауысуына байланысты, тұрақты емес ірі мәмілелердің елеулі саны есебінен болды. Бұдан басқа сауда-саттықтың көлеміне, Биржада екі кезеңмен жүзеге асырылған, "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ жай акцияларын кері сатып алу жағымды ықпалын тигізді:

- бірінші кезеңде (2018 жылдың 02 және 19 ақпаны аралығында) жай акциялардың 320 688 данасы кері сатып алынып, бір акцияның бағасы 84 АҚШ долларын құрап, жалпы сомасы 26,9 млн АҚШ доллары болды (баламасы 8,6 млрд теңге); сондай-ақ, компания өзінің ЖДҚ 61,3 млн данасын кері сатып алды, олардың бағасы 14 АҚШ долларынан болып, жалпы сомасы 857,9 млн АҚШ долларын құрады (баламасы 274 млрд теңге);
- екінші кезеңде (2018 жылдың 20 ақпаны және 05 сәуірі аралығында) жай акциялардың 15 896 данасы кері сатып алынып, бір акцияның бағасы 84 АҚШ долларын құрап, жалпы сомасы 1,3 млн АҚШ доллары болды (баламасы 427,1 млн теңге); сондай-ақ, компания өзінің ЖДҚ 722 485 данасын кері сатып алды, олардың бағасы 14 АҚШ долларынан болып, жалпы сомасы 10,1 млн АҚШ долларын құрады (баламасы 3,2 млрд теңге).

"ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ өзінің артықшылықты акцияларын арнайы мамандандырылған сауда-саттықтар аясында кері сатып алуды жалғастырды. 2018 жылдың 29 тамызынан 21 желтоқсанынан дейін компания өзінің 1 123 705 артықшылықты акциясын бір акцияға 12 800 теңге бағасымен, жалпы сомасы 14,4 млрд теңгегекері сатып алды.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ең белсенді жеке тұлғалар болды, олардың шоттарына акциялардың жалпы айналымының 53,4 % тиесілі болды. Екінші деңгейдегі банктердің (ЕДБ) үлесі 1,1 % құрады, брокер-дилерлердің үлесі 22,6 %, басқа институционалдық инвесторлардың шоттарына 7,3 % тиесілі, өзге заңды тұлғалардың үлесі 15,6 %. Резидент еместердің қатысуы 10,5 % болды, көбінде олар осы секторда қараша және желтоқсан айларында жұмыс істеді.

KASE Индексі

2018 жылдың қорытынды бойынша KASE Индексінің мәні 6,6 % өсіп, 2 304,94 нүктеге жетті.

01 ақпаннан бастап KASE Индексін есептеу үшін арналған акциялардың өкілетті тізімінен "ҚазМұнайГаз" Барлау Өндіру" АҚ жай акциялары шығарылды, ал 2018 жылдың 01 мамырынан бастап "Астана Банкі" АҚ акциялары алып тасталды.

KASE өкілетті тізіміне енгізілген акциялар бағаларының 2018 жылда өзгеруі

Эмитент	Сауда-саттық коды	Бағасы, бір акцияға KZT		Бір жылдағы бағасы, бір акцияға KZT		Бағаның өзгеруі, % (жылдың басынан бастап)
		01.01.18	01.01.19	мин	Макс	
"Қазақтелеком" АҚ	<u>KZTK</u>	20 505,00	33 499,00	20 550,0	35 199,0	+63,4
"Қазақстан Халық жинақ банкі" АҚ	<u>HSBK</u>	82,59	100,41	84,7	114,0	+21,6
"Банк ЦентрКредит" АҚ	<u>CCBN</u>	197,24	234,21	192,5	316,2	+18,7
"KEGOC" АҚ	<u>KEGC</u>	1 389,00	1 600,64	1 380,0	1 622,2	+15,2
"Кселл" АҚ	<u>KCEL</u>	1 784,00	1 850,00	1 510,0	1 850,0	+3,7
"ҚазТрансОйл" АҚ	<u>KZTO</u>	1 337,00	1 342,00	1 233,0	1 600,0	+0,4
KAZ Minerals	<u>GB_KZMS</u>	3 800,00	2 530,00	2 200,0	4 731,0	-33,4

Жыл басынан бастап ең үлкен өсімді "Қазақтелеком" АҚ акциялары көрсетті, олардың бағасы 63,4 % немесе бір акцияға 12 994 теңгеден 33 499 теңгеге дейін артты. 2018 жылдың бірінші жарты жылдығында акциялардың бағасы, Теле2-Алтел бірлескен кәсіпорындардың кірістерінің өсуі туралы және жоспарланған дивидендтер мен "Кселл" АҚ акцияларының 75 % сатып алу мәмілесі туралы жаңалықтар тұсында, айтарлықтай өсті, мәміле 21 желтоқсанда аяқталды. "Қазақтелеком" АҚ мәміле шегінде Telia Company "Кселл" АҚ акцияларының 24 %, және Fintur Holdings BV компаниясынан 51 % сатып алды.

Жыл қорытындысы бойынша тек KAZ Minerals PLC акцияларының бағасы төмендеді, олардың құны 33,4 % немесе 1 270 теңгеден 2 530 теңгеге дейін түсті, негізінен бұл компания инвесторларының компания Чукоткадағы Баим мыс-алтын рудалы кен орнын сатып алғанына негативті бағалауымен және 2018 жылдың жазында мыстың бағасының 20 % арзандағанымен байланысты болды.

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР НАРЫҒЫ

Биржада айналыстағы корпоративтік борыштың жалпы көлемі 21 % өсіп, 10,8 трлн теңгеге жетті. Есептік жылдың соңында KASE сауда-саттық тізімдеріне 62 эмитенттің 247 атаудағы облигациялары енгізілді. 2018 жылы листинг процедураның 26 эмитенттің 41 облигацияларының шығарылымы өтті, соның ішінде алты жаңа эмитенттің жеті шығарылымы. Салыстырсақ, 2017 жылы 25 эмитенттің 39 шығарылымы листингтен өткен.

KASE корпоративтік облигациялар сауда-саттығының жалпы көлемі 2 309,4 млрд теңгені құрап, 2017 жылмен салыстырғанда екі есеге өсті. Орташа күндік көлем 9 387,9 млн теңгені құрады (қайталама нарықта – 1 834,2 млн теңге), мәмілелердің орташа күндік саны – 9, бір мәміленің орташа көлемі – 1 048,3 млн теңге (қайталама нарықта – 218,4 млн теңге).

Корпоративтік облигациялар секторындағы көлемнің елеулі өсімі батапқы нарықтағы ірі орналастырулар есебінен болды. Барлығы 2018 жылда Биржада 24 эмитенттің (2017 жылы – 17) облигациялары орналастырылды. Тартудың жиынтық көлемі екі есеге өсіп 1 858,2 млрд теңгеге жетті. Нарықтық тартулардың мөлшерлемелері жылдық 8,5 %–13,5 % диапазонында болды. Банктік сектордың қаржылық тұрақтылығын арттыру бойынша мемлекеттік бағдарламасы шегінде "ForteBank" АҚ облигациялары жылдық 4 %-бен жалпы сомасы 220,1 млрд теңгеге орналастырылды, "Банк "Bank RBK" АҚ 15-жылдық субординацияланған облигациялары жылдық 4,1 %, орналастырудың жалпы көлемі 33,7 млрд теңгені құрады.

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 11,3 % құрады, брокер-дилерлердің үлесі – 0,3 %, басқа институционалдық инвесторлар – 72,5 %, заңды тұлғалар – 15,9 % жеке тұлғалардың үлесі – 0,1 % болды.

Корпоративтік облигациялардың қайталама нарығындағы сауда-саттық көлемі 451,2 млрд теңгеге дейін, яғни 56 % артты. Сауда-саттықтың 74 % астамы төрт атаудағы облигациялармен жасалған мәмілердің үлесінде болды.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 34,1 % құрады, брокер-дилерлердің үлесі – 4,8 %, басқа институционалдық инвесторлар – 8,1 %, заңды тұлғалар – 51,6 % жеке тұлғалардың үлесі – 1,4 % болды. Резидент еместердің қатысуы – 1,5 %.

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР (МБҚ) НАРЫҒЫ

Биржада саудаланатын мемлекеттік борыштың номиналды құны 11,3 трл теңгені құрады, бұл жыл басындағы көрсеткіштен 14,6 % немесе 1 438,6 млрд теңгеге артық.

KASE МБҚ сауда-саттықтарының көлемі 1 644,8 млрд теңгені құрап, 2017 жылмен салыстырғанда 17,2 % төмендеді, бұл негізінен Қаржы министрлігінің бағалы қағаздарын жылдың екінші жартысында орналастырылмауына байланысты. Бастапқы нарықтағы сауда-саттықтың көлемі 2017 жылмен салытырған 50,8 % азайып, ал қайталама нарықтағы белсенділік үш есе қарқындай түсті.

2018 жылы орналастырулардың көлемі 853,4 млрд теңгені құрады, олардың 98,1 млрд теңгесі тұрғын үй құрылысын қаржыландыру бойынша мемлекеттік бағдарламасы аясында жылдық 0,35 % он төрт облыстың және Астана, Алматы, Шымкент қалаларының Әкімділіктері орналастырды, Шымкент қ. әкімдігі 10 млрд теңгені жылдық 9 % тартты 745,4 млрд теңгені жылдық 8,4–8,7 % – Қаржы министрлігі тартты.

Бастапқы нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 1 % құрады, брокер-дилерлердің үлесі – 0,1 %, басқа институционалдық инвесторлар – 85,9 %, өзге заңды тұлғалар – 13 %.

Қайталама нарықтағы сауда-саттық көлемі өсіп, 2017 жылдағы 252,8 млрд теңгеден 791,4 млрд теңгеге жетті. Осы сегменттегі сауда-саттықтың жалпы көлемнің 85 % астамы Ұлттық Банктің ноталарымен жасалған мәмілелер құрайды, 2017 жылы осы көрсеткіш 79,9 % болған.

Қайталама нарықтағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі – 63,9 % құрады, брокер-дилерлердің үлесі – 2 %, басқа институционалдық инвесторлар – 17,9 %, заңды тұлғалар – 15,9 % жеке тұлғалардың үлесі – 0,3 % болды. Резидент еместердің қатысуы – 1,5 %.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫ (ХҚҰ) ОБЛИГАЦИЯЛАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Есептік жылдың соңында KASE сауда-саттық тізімдерінде үш халықаралық қаржы ұйымы облигацияларының 14 шығарылымы болды. 2018 жылдың соңында Биржаның ресми тізіміне Еуразиялық даму банкінің бес шығарылым және Халықаралық қаржы корпорациясының екі шығарылымы енгізілді.

Өткен кезеңде осы қаржы құралдарының сауда-саттығының көлемі 101 млрд теңге жетті.

Бастапқы нарықтағы сауда-саттық көлемі 100,6 млрд теңгені құрады. Жыл барысында Еуразиялық даму банкі 90 млрд теңге тартты, жылдық 9,1 %-бен үш жылдық облигацияларының 3 шығарылымын 50 млрд теңгеге орналастырып, бес жылдық облигацияларын 9,5 %-бен орналастырып 20 млрд теңге және төрт жылдық облигацияларын жылдық 9,7 % орналастырып 20 млрд теңге тартты. Халықаралық қаржы корпорациясы қамтамасыз етілмеген борыштың амортизацияланатын жаһандық ноталарын жылдық 8,3 % өтеуге дейін мерзімі төрт және 7,5 жылға орналастырып, 10,6 млрд теңге тартты.

Қайталама нарықтың көлемі 421,1 млн теңге деңгейінде қалыптасты.

Барлығы осы сектордағы инвесторлардың негізгі санаттары бойынша ЕДБ үлесі 22,2 % құрады, брокер-дилерлердің үлесі – 1,2 %, басқа институционалдық инвесторлар – 68,4 % болды, өзге заңды тұлғалар – 8,2 %. Жеке тұлғалардың нарықтың осы секторындағы үлесі 0,1 % жетер-жетпес болды.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЛАР БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАРЫНЫҢ НАРЫҒЫ

Есептік жылда осы секторда алты компанияның басқаруындағы жеті қаржы құралы болды.

Аяқталған кезеңде сауда-саттық көлемі 434 млн теңгені құрады, бұл 2017 жылдың нәтижесінен 58,7 % кем. Көлемдер бойынша көшбасшылар "Сентрас Секьюритиз" АҚ басқаруындағы CSECfe үлеспұлдары (275,7 млн KZT; 71 мәміле), екінші орында – State Street Global Advisors басқаруындағы US_SPY_ үлеспұлдары (97,3 млн теңге; 127 мәміле) , үшінші орында – FinEx FFIN Kazakhstan Equity ETF қосалқы қорының IE_FXBF акциялары (KASE Индексіне ETF; 52,5 млн теңге; 8 мәміле).

Инвесторлардың негізгі санаттары бойынша жеке тұлғалардың үлесі – 33 %, брокерлік-дилердік компаниялар 16,9 % және өзге заңды тұлғалардың үлесі – 50,1% құрады.

БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР НАРЫҒЫНДАҒЫ ЖЕКЕ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ШОТТАРЫ

2019 жылдың 01 қаңтарындағы жағдай бойынша Орталық депозитарийдің есепке алу жүйесінде жеке тұлғалардың атынан ашылған 116 824 жеке шот болды, бұл 2018 жылдың басындағы санынан 7 579 шотқа артық.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАЛАРЫНЫ НАРЫҒЫ

Шетел валюталары нарығындағы сауда-саттықтың көлемі 2018 жылда 13,4 трлн теңгеге жетті, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 9,1 % немесе 1,1 трлн теңгеге артық. Жылдың басынан бастап сауда-саттыққа 34 KASE мүшелері қатысты. Орташа күндік сауда-саттық көлемі 54,7 млрд теңге, орташа күндік мәмілелер саны – 316, бір мәміленің орташа көлемі – 172,8 млн теңгені құрады.

Төмендегі кестеде Биржада саудаланатын валюталық жұптардың негізгі сипаттамалары берілген (жақшада бағамның алдыңғы жылмен салыстырғандағы өзгеруі, бағамның өзгеруі номиналды көрсетілімдегі шетел валютасының теңгеге қатысты биржалық орташа сараланған бағамының өзгеруін көрсетеді).

Биржадағы шетел валюталарының сауда-саттығының 2018 жылдағы қаржы құралдары бойынша параметрлері

Жұп	Көлемі, валютаның млн бірлігі	Сауда-саттық көлеміндегі үлесі, %	Мәмілелер саны	Мин. және макс. бағамдары, валюта бірлігіне KZT	жылдың соңындағы бағамы (% өзг.)
USD/KZT	38 739,8 (+4,7 %)	99,2 % (+1,1 %)	75 478 (-6 695)	318,31 – 384,20	384,20 (+15,6 %)
RUB/KZT	10 729,0 (-71,4 %)	0,4 % (-1,3 %)	1 546 (-764)	5,2013 – 5,8466	5,5360 (-4,3 %)
CNY/KZT	218,0 (+98,3 %)	0,1 % (+0,04 %)	545 (-341)	50,2850 – 55,2950	55,2950 (+8,6 %)
EUR/KZT	56,6 (0 %)	0,2 % (+0,004 %)	202 (-29)	381,64 – 442,75	426,70 (+7,6 %)
EUR/USD	43,5	0,1 % (+0,1 %)	17 (+17)	1,1330 – 1,2208	1,1375

Есептік жылда теңгенің долларына бағамының динамикасы келесідей төрт фактордың әсерімен қалыптасты:

- соңғы үш жылда дәстүрлі болған, теңгенің долларға қатысты қаңтар және ақпан айларындағы нығаюы қысымымен, экспортерлердің әрекеттері;
- Ресейге қарсы санкциялардың ықпалымен теңгенің долларға бағамы 2018 жылы Brent маркалы мұнайдың бағасымен түзетілуінен айырылып қалып, дәл осы фактор қазақстандық нарыққа келесі екі фактордың катализаторы болды. Біріншісі нарыққа "санкциялық соққы" болып сәуір айында, екіншісі – тамыз айында тиді. Екі жағдайда да теңге рубльмен қоса түсіп, долларға қатысты әлсіздеді;
- Ұлттық банк ноталарының елеулі көлемін сатып алған, 2шетелдік кэрри-трейдерлердің Қазақстаннан 2018 жылдың қаңтар-наурыз айларында активтерді қарқындата шығаруы. Сәуір айындағы Ресейге қарсы санкциялар мен оларға қазақстандық нарықтың реакциясы резидент еместердің мамыр-тамыз айларында ноталарды жаппай сатуына әкеп соқтырды,

олардың жалпы сомасы шамамен бір млрд АҚШ долларына тең болды. Бұл теңгенің бағамына елеулі әсерін тигізді;

- АҚШ ФСЖ (ФРС) есептік мөлшерлемесінің үздіксіз және тұрақты көтерілуі 2018 жылы жылдық 1,25 %-дан жылдық 2,50 % өсіп, америкалық валютаның тартымдылығын екі есе арттырды.

Нарыққа аталмыш факторлардың әсерінің нәтижесі теңгенің долларға қатысты әлсіздеуі жылдың соңында 15,6 % құрады. Еуро мен юаньға қатысты теңге айтарлықтай одан аз әлсіздеді (кестені қара), ал рубльге қатысты нығаюы 4,3 % деп бағаланады.

АҚША НАРЫҒЫ

Ақша нарығындағы сауда-саттықтың жиынтық көлемі 109,5 трлн теңгеге жетіп, өткен жылдың ұқсас көрсеткішімен салыстырғанда 19,3 %, немесе 26,2 трлн теңгеге азайды.

2018 жылдағы жылдық инфляцияның бірте-бірте төмендеуі, желтоқсан айының соңында жылдық 5,3 % құрады. Осы жағдайдың тұсында Ұлттық Банк ақша-несиелік саясатты жеңілдетуді жалғастырып, өткен жылда базалық мөлшерлемені 100 б.н. азайтып жылдық 9,25 % құрады. Бұл ретте 2018 жылдың 04 маусымында болып өткен отырыстың қорытындысы бойынша мөлшерлеме жылдық 9 % түсірілді, осыдан кейін 15 қазанға дейін үзіліс алды. Кірістіліктің басты бағдарының динамикасы бұрынғыдай Биржадағы қысқа мерзімі мөлшерлемелер қоғалысының траекториясын белгіледі. Тиісінше жылдың соңында ақша нарығының барлық индикаторлар төмендей бастады.

Мерзімі бір жұмыс күндік репо ашылу мәмілелері бойынша орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесі болып табылатын, TONIA 106 б.н. төмендеп, жылдық 8,26 % құрады. Осы кезде, мерзімі жеті жұмыс күндік репо ашылу мәмілелерінің орташа сараланған пайыздық мөлшерлемесін көрсететін, TWINA индикаторының мәні 158 б.н төмендеп, жылдық 8,27 % құрады.

Ақша-несиелік саясаттың трансмиссиялық механизмінің тиімділігін арттыру мақсатында, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының нарығын дамыту үшін, Ұлттық Банк 2018 жылдың сәуір айында Биржаның сауда-саттық алаңында өтімділікті беру және алу бойынша мерзімі бір күндік валюталық своп операцияларын жүзеге асыруға кірісті. Өтімділікті алу бір күндік LIBOR мөлшерлемесін қолданумен жүзеге асырылады, ал өтімділікті беру – Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі жылдық +2 % жүзеге асырылады. Сондықтан, бір күндік долларлық своптың кірістілігі SWAP-1D (USD) находилась 2017 жылмен салыстырғанда тар дәлізде болып, жылдың соңында 246 б.н. төмендеп, жылдық 7,43 % құрады. SWAP-2D (USD) Индикаторы да 365 б.н. төмендеп, жылдық 7,38 % құрады.

Ақша нарығының композиттік индикаторы MM_Index жылдың соңында жылдық 8,26 % құрап, 113 б.н. төмендеді.

Банктер арасында банкаралық депозиттерде орналастырғанда ақша құнының көрсеткіші болып табылатын, KazPrime-3M (KZT) Индикаторы 100 б.н. төмендеп, жылдық 10,25 % құрап, базалық мөлшерлеменің доғарғы шектерінде орналасты (9,25 % + 1 %).

Репо операциялары

Осы сегменттегі сауда-саттық көлемі 75,9 трлн теңгені құрады, бұл өткен жылдың көрсеткішінен 2,8 % немесе 2,1 трлн теңгеге жоғары. Операциялардың орташа күндік көлемі қараша айында 308,4 млрд теңгені құрады.

Репо ашылу операциялары сауда-саттықтарының жалпы көлемінен 98 % МБҚ себетімен авторепо мәмілелерінің үлесінде болды. МБҚ себетімен авторепо нарығындағы ең танымал қаржы құралы бір күндік репо операциялары болып қалды, олармен жасалған мәмілелердің МБҚ себетімен авторепо нарығының жалпы көлеміндегі үлесі 86,1 % құрады.

Барлығы 2018 жылда репо нарығындағы мәмілелер жасасуға Биржаның 47 мүшесі қатысты. Осы сегменттегі сауда-саттықтың жалпы айналымының 84 % астамы банктерге тиесілі. Резидент еместердің есептік айда қатысу үлесі 0,2 % құрады.

Валюталық своп операциялары

Валюталық своп нарығындағы сауда-саттық көлемі 45,6 % азайып, 33,7 трлн теңгені құрады. Операциялардың орташа күндік көлемі 136,9 млрд теңгені құрады, бұл былтырғы жылмен

салыстырғанда 45,9 % кем. Сауда-саттықтың жалпы көлеміндегі құралдық құрылымы 74,5 % (25,1 трлн теңге) екі күндік валюталық своп (USDKZT_0_002) мәмілелерінің үлесінде болды.

2018 жылдың 09 сәуірінде Биржада валюталық своп және шетел валюталары нарықтарында жаңа қаржы құралдарының сауда-саттықтары ашылды (CNYKZT_0_001, CNYKZT_0_002, RUBKZT_0_001, RUBKZT_0_002 және RUBKZT_SPT). 20 қыркүйектен бастап Еуразиялық даму банкіне RUBKZT_0_001 қаржы құралы бойынша маркет-мейкер мәртебесі берілді. Қыркүйек және қазан айында RUBKZT_0_001 қаржы құралы бойынша төрт мәміле жасалып, олардың жалпы көлемі 219,5 млн теңгені құрады.

ДЕРИВАТИВТЕР НАРЫҒЫ

Осы кезде биржалық нарықтың осы секторында, базалық активтері АҚШ доллары, KASE индексі және акциялардың кейбір атаулары болып табылатын, фьючерстер саудалауға қолжетімді. 2018 жылы фьючерстермен мәмілелер жасалған жоқ. 2019 жылдың басына қарай деривативтер нарығында сауда-саттыққа қатысушылардың ашылған жайғасымдары болған жоқ.

Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық Азия аймағындағы жетекші қор биржасы және қаржы нарығында жұмыс істейтін Қазақстандағы жалғыз қор биржа болып табылады. Бұл - репо нарығының құралдары, шетел валюталары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздар, халықаралық қаржы институттарының облигациялары, сондай-ақ туынды қаржы құралдар үшін әмбебап сауда-саттық алаңы болып табылады.

KASE Биржа федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалар федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық және отандық кәсіби қауымдастықтарының мүшесі болып табылады. 2015 жылы биржа БҰҰ-ның "Қор биржасы тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE бағалы қағаздармен сауда-саттық көлемі бойынша ТМДң қор биржаларының арасында екінші орын, ал FEAS қор биржаларының арасында нарықтық капиталдандыру деңгейінде алтыншы орын алады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, pr@kase.kz